



атамұра

ғылыми-әдістемелік
орталығы



АТАМҰРА

ғылыми-әдістемелік
журналы

Астана қаласы, 2025 жыл



2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ**

**«ATAMURA EDUCATION» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ**

АСТАНА 2025

Бас редакторы:
Али Шагизаұлы

Редакция телефоны: 8-776-456-56-46

E-mail: konkurs@atamura.info

“Atamura Education” ғылыми-әдістемелік журналы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің № KZ83VPY00045192 куәлігімен тіркелген

Астана: «Atamura Education» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы.
2025 жыл

ISSN 978-234-852-698-1

«Atamura Education» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Айына 1 рет қазақ және орыс
тілінде шығады.

Теруге 28.01.2025ж берілді

Басуға 28.01.2025ж
қол қойылды

Таралымы 1000 дана

Журнал
Atamura Education
баспаханасында басылды

ISSN 978-234-852-698-1 «Atamura Education» ғылыми-әдістемелік журналы, 2025

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Имашева Анар Ануарбековна
Алматы қаласы, Түрксіб ауданы
№32 жалпы білім беретін мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру — қай елде болсын өзекті мәселе екені анық. Кешегі тұңғыш ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин жол салған ағартушылық саласы ол армандағандай биік жетістіктерге жетіп, бүгінгі жас ұрпақ ұшқыр ойы мен сапалы білімінің арқасында тәуелсіз елдің туын көкке желбіретіп жүр. Білім беру жүйесінде түрлі бағдарламалар мен инновациялық озық тәжірибелер арқылы білім сапасын арттыруға күш салып, мемлекеттік қолданысқа ие болуда. Соның нәтижесінде білім беру, білім алудағы проблемалар оңтайлы шешімін тауып келеді. Ал, осы білім беру сапасы тәуелсіздік жылдарда қандай жетістіктерге жетті? Қандай инновациялық тәсілдерді тиімді пайдалануда? Ол үшін мұғалімдер қалай қызмет етуде?

Есігімізге ентелеп келген тәуелсіздіктің босағамызды аттағалы отыз үш жыл болды. Орда бұзар жастан асқалы, ел егемендігін алғалы қазақ даласына түрлі өзгерістер енді. Экономикамыз дамып, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуге санаулы саты қалды. Тәуелсіз ел болғалы мемлекет басшылары білім мен медицинаға жіті назар аударып, заман ағымынан қалыс қалдырмай мамандарымыздың біліктілігін арттырып, «Жүз мектеп, жүз аурухана» жобасы аясында мемлекеттік мекемелерді, қала, ауыл, тіпті шалғай жатқан ауылдарды да жаңа технологиялармен жабдықтады. Ендігі кезек – білікті мамандардың талмай еңбек етіп, ізденіспаз болуында...

XXI ғасыр инновациялық технологиялар, ұлттық бәсеке, күрделі экономиялық реформалармен ерекшеленеді. Мұғалім — мектептің жүрегі, шамшырағы. Мұғалім білікті де білімді, заманауи, жаңашыл болса, білім



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



ордасының сапасы артары анық. Сондықтан бірінші кезекте мұғалімдердің оқушыларға сапалы білім нәрін себуге ықпал жасауға тиіспіз. Бүгінгі заманауи мұғалім шәкіртіне өтілетін тақырыптан мәлімет беріп қана қоймай, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге дайындау керек. Мұндай іс нағыз ұстаздың қолынан келеді.

Жаңа ғасырда жас буынға инновациялық тәсілдер арқылы білім беріп, ой-өрістерін дамытуымыз керек. «Жаңа Қазақстан» – ақыл-ойдың, ақпараттық, технологиялық, мәдениет дәуірі. Өзгермелі қоғамда жаңа формация арқылы педагог барлығын меңгерген, үнемі өзін-өзі жетілдіріп, алға талпынып отыратын, рухани жан-дүниесі бай, заман талабынан қалыс қалмай, елдің баласын дамытуға үлес қоса алатындай білікті болса, келешек ұрпақтың білімді, саналы, озық ойлы болары анық.

Бүгінде жасанды интеллект қоғамның барлық саласында қолданысқа ие болуда. Білім беру процесіне аталмыш технологияны енгізу арқылы оқыту сапасын жақсартуға, оқытудың тиімділігін арттыруға болады.

Білім беруде жасанды интелекті қолданудың артықшылықтары көп. Негізгі артықшылықтарының бірі – оқытуды даралау мүмкіндігі деп ойлаймын. Себебі, жасанды интеллект әр оқушы туралы деректер мен олардың үлгерімін, қызығушылықтарын талдай алады. Осы талдау негізінде жасанды интеллект әр оқушының ерекше қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеретін жекелендірілген оқу бағдарламаларын жасауға қабілетті. Ал бұл өз кезегінде материалды тереңірек және сапалы игеруді қамтамасыз ете отырып, оқу уақыты мен ресурстарын барынша пайдалануға мүмкіндік береді.

Алпауыт мемлекеттерге көз тастасақ, көбі робот, роботехника, жасанды интеллект сынды түрлі технологиялармен жұмыс істеп, өркениетте елге айналып отыр. Неліктен бізде цифрлы технологиялардың әлеуетін барлық салада қолданып көрмеске?! Ол үшін бізге заман талабынан қалмай, өз





потенциалымызды арттыру маңызды. Және де қолданысқа енген түрлі жаңа платформа, техникалардан хабардар болып отыруымыз керек. Өйткені қазіргі білім беру саласы осы қабілеттерді талап етеді. Өскелең ұрпақта цифрлық әлемнің түрлі механизмдерін, трендтерін бес саусағындай біледі.

Енді интерактивті оқыту туралы сөз етейік. Жасанды интеллект әр оқушының білім деңгейіне және оқу жылдамдығына бейімделетін интерактивті білім беру платформаларын құра алады. Мұндай платформалар оқушының білім деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалар мен материалдарды ұсынып, жедел кері байланыс орнатады. Бұл оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді және олардың алға қойған мақсаттарына тезірек жетуіне көмектеседі деп ойлаймын.

«Адамға оқып-үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» деп француз қайраткері айтқандай, оқыту процесін технологияландыру, соған сәйкес тиімді бағдарламалар мен жобалар жасау нағыз еңбеккер мұғалімнің қолында. Педагог білім сапасын арттыруда АКТ-ны тиімді пайдалана білсе, жаңа әдіс-тәсілдермен сабағын түрлендірсе, өзін жасанды интеллектпен алмастырса, платформалық тапсырмаларды жиі қолданса, РРТ, слайд-шоу, мультимедия құралдарымен ажарландырса, интернетті дербес ақпарат көзі ретінде пайдаланса, оның заманауи әрі жаңашыл маман екенінің дәлелі болады.

Ойымды қорытындылай келе, ұстаз білім сапасын арттыруда инновациялық тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, жас ұрпақтың болашағына нұр береді, ертеңіне жол сілтейді, дарыны мен шығармашылығын ашады. Елімізде білікті де білімді ұстаздардың қолынан талай ел басқарар, білімімен қазақ көк байрағын желбіретер шәкірттеріміздің ұшарына сенім білдіремін.



ӘЛ ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ



Алтынсариева Гүлшара Жақсыбайқызы
Астана қаласы әл-Фараби атындағы оқушылар
сарайының
қосымша білім беру педагогі
seytzhanova.roza@mail.ru

«Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама ғалым, әмбебап өнерпаз, жиһанкез саяхатшы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғұмырнамалық деректері мен шығармашылық-зерттеушілік мұраларына, әсіресе, нәсіл-нәміне, тұқиян-тегіне қатысты әлемдік, сондай-ақ отандық ғылым кеңістігінде әрқилы, тіпті бір-біріне қарама-қайшы пікірлер әлі күнге шейін ұшырасып келе жатқанын ашық айтуға тиіспіз. Біз (шағын баяндама аясында) олардың әрқайсысына баға беріп, төрелік айту ниетінен аулақпыз, әрі оған шығармашылық әлеуетіміз бен ізденушілік қарымымыз да жетпес еді. Сондықтан, осынау қысқа да нұсқа баяндаманы әзірлеу барысында түрлі тарихи кезеңде Фараби тақырыбына қалам тартқан әр текті санаткерлердің еңбектерінде жиі қайталанып, парақтан параққа көшіп жүрген мына бір дерекке жұртшылықтың назарын аударсақ, өзіміз таңдап алған "әл-Фарабидің өнер әлемі" деген тақырыптың мазмұнын мейлінше ашып, ауқымын айшықтай түсетінімізге сенім арттық. Ол – "ұлы ұстаздың" шығу тегіне, нәсіліне қатысты мәлімет. Мәселен, орта ғасырлардағы араб тарихшылары – ибн-Хаукалдың ("Қытаб Масалик уә мамалик") және ибн-Халликанның ("Уфиат әл-аиан фи әл-Заман") еңбектерінде қазіргі Қазақстан мемлекетінің аумағындағы байырғы қалалардың бірі – Фараб шаһарында 870 жыл шамасында дүниеге келген Әбу Насырдың арғы ата-бабаларының аттарын "[Тархан](#)", "[Ұзлақ](#)" деп таза түркі тілінде келтіргені белгілі.

Бұл дерек әлемдік және отандық тарихнама парақтарында бұлжымас шындық, айнымас ақиқат ретінде танылғанын да білеміз. Бірақ, соңғы бірер жылдың бедерінде әл-Фарабидің ғұмырнамасына қатысты ғылыми-ақпараттық айналымда жүрген осы және басқа да аксиома іспеттес деректер мен тұжырымдардың іргетасын шайқалтып, қабырғасына сызат түсіргендей ерекше бір мәдени құбылыс бой көрсетті. Яғни, елімізде "Рухани жаңғыру"



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



мұғдарымен қазақ тіліне аударылып, 2019 жылы "ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫЛЫҚ. Орталық Азияның араб шапқыншылығынан Әмір темірге дейінгі Алтын ғасыры" атты кітап жарыққа шықты. Авторы – америка тарихшысы, саяси сарапшы, Орталық Азия мен Кавказды зерттеу институтының негізін қалаушы әрі директоры Стивен Фредерик СТАРР Кіндік Азияның 9-13 ғасырлардағы Ағартушылық кезеңін, адамзаттың қазіргі ғылым мен техникадағы ғаламат жетістігіне алғаш негіз қалап, алтын көпір салған жасампаз тұлғалардың – ұлы ойшылдардың ғұмырнамасын қызықты әрі егжей-тегжейлі баяндайды.

Солардың арасында, кейбір кереуіз еуроцентристер айтып жүргеніндей, "меңіреу, мешеу, мимырт" өлке емес, бағзыдан адамзат өркениетінің – білім мен өнер бастауларының бір бесігі болған Қазақ топырағына кіндік қаны тамып, шілде суы төгілген, әлемге "екінші ұстаз" атағымен танылған Әл Фарабидың өмірбаянына қатысты біздің арғы-бергі тарихшылар айналып өткен кейбір тосын деректер мен қисынды жорамалдарын көлденең тартады. Яғни, *"Философтың (әл Фарабидің – Г.А.) музыкаға әуестігі өмірінің мейлінше қызу талас тудыратын, ғылымнан тыс сәттеріне, яки, "оның этностық тегі кім? Парсы ма әлде түркі ме?" деген мәселеге сәуле түсіреді. Әл-Фараби көз жұмған соң 200 жылдан кейін түркі ғұмырнамашысы ибн Халликанның (1211 – 1282) жазған еңбектері болмаса, әсіре космополит оқымысты жөнінде мұндай сұрақ ешқашан туындамас еді. Ол әл-Фарабиді түркі деп мәлімдеді. Шығу тегі туралы осындай пікір XII ғасырда, яғни түркі әулеттері Орталық Азия мен Парсияның басым бөлігін басқарған кезінде тарады"* дей келіп, С. Фредерик Старр оның тегі соғды (*sart*) еді дегенге саятын бірнеше дәлел келтіреді. Біріншіден, әл-Фарабидің беріле ойнаған, құлақ күйін келтіру жүйесін мұқият зерттеген музыкалық аспабы – парсылардың (соғдылардың) лютясы екенін алға тартады. Екіншіден, оның музыка өнерін араб тілінде талдаған еңбектерінде соғды терминдерін көп пайдаланғанын, ал түркіше бірде-бір сөз қолданбағанын сөз кездеспейтінін дәйек етіп, "түркі гипотезасының" қандай да бір нақты дәлелдері" жоқтығын мегзейді. Үшіншіден, әл Фараби тұрған жылдары көне Яксарт (қазіргі Сырдария) өзенінің жағасындағы 75 мың тұрғыны бар Фараб (Отырар) қаласының этникалық құрамы, негізінен, соғдылар болғанын, тек кейінгі ғасырларда ғана түркілер басымдыққа ие болғанын айтады...





Міне, осы тұрғыдан алғанда, тек философия мен математика емес, сондай-ақ метафизика, эпистемология, эсхатология, этика, физика, астрология, психология мен теософия сияқты ғылым салаларына өзіндік үлес қосып, өшпес із қалдырған ғұлама ғалымның – "екінші ұстаздың" рухани кемелдік пен ахлақи тазалықтың, пендәуи бақыттың кілтіне балаған әлемі. Өнер түрлеріне қатысты көзқарастарын зерттеп, саралау саласында да ұшқары пікір, жаңсақ, жасанды пайымдар орын алып келгенін жасырмауға тиіспіз. Жалпыға мәлім дереккөздерінде, 12-16 жас шамасында оңтүстікке кіре тартқан керуенге ілесіп, сол кезеңдегі ғылым мен өнердің ордасы атанған Бағдатқа жол тартады. Ғылым мен өнер жолын қуған адамдарға қақпасы айқара ашылған көне шаһардағы "Баит әл-хакма" дейтін ғалымдар үйі мен әлемдегі ең бай кітапхана табалдырығынан имене аттаған жасөспірім Әбу Насыр алғашқы кезде айналасына әмбебап өнерпаз – **ақын, әнші, күйші** ретінде танылғанымен, ежелгі грек ойшылдарының қолжазбаларын ізерлей оқу нәтижесінде өз бетінше алуан түрлі ғылыми зерттеулер жүргізуге құлшына бастайды. Оның алғашқы ұстаздары – Исаны "құдайдың баласы" кейпінде дәріптемей, "пайғамбар" ретінде таныған несториялық христ ілімінің өкілдері-тұғын. Соның нәтижесінде Әбу Насыр әл-Фарабидың дүниетанымы екі бөлек әлемнің – көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің, шығыс санаты мен грек-рим мәдениетінің өзара байланысып, бір арнаға тоғысуына негізделді.

Жүмілә жаһанның шығыс бөлігінде тұңғыш рет сындарлы да салиқалы педогогикалық жүйе жасаған ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерінде баланың тәнін де, жанын да қатар жетілдіріп, жұптастыра тәрбиелеуге, рухани кемелдікке жеткізуге ерекше мән береді. Өзінің "Риторика", "Поэзия өнері туралы", "Бақытқа жол сілтеу" атты трактаттарында сол рухани кемелдікке жетудің күллі **өнер** атаулыға тән көркемдік, мейірбандық және бақыттылық категорияларына тереңдей тоқталып, олардың ізгілікті қоғам құрудың негізгі бастаулары екенін дәлелдеді...

Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүрген кезеңде – нақтырақ айтқанда, Орталық Азиядағы Ағарту дәуірінде шығыс халықтарының әдебиет пен музыка өнері ерекше қарқынмен дамып, өресі биіктеп, өрісі кеңейе түскені тарихтан мәлім. Сол себепті осынау мәдени құбылысты ғылыми түрде зерттеп, теориялық және практикалық мәселелеріне байыпты баға беру, кәсіби өлшем белгілеу қажеттілігі туындағаны сөзсіз. Міне, жастайынан ақын атанып, ән салу мен күй





тартудан тартынбаған Отырардың ойшыл оғланы уақыттың өзі алға тартқан осы қажеттілікті өтеу мұратымен сөз бен саз өнеріне қатысты бірнеше ғылыми еңбек жазады. Оның «Поэзия өнерінің канондары туралы» трактаты ақындық өнердің ерекшелігі, поэзияның жанрлық сипаты мен түрлері, кәсіби өлшемдері мен шарттылықтары, ең маңыздысы – жеке адам мен бүкіл қоғамның ізгілік салттарын, рухани ғұрыптарын қалыптастырудағы ықпалы мен орнына үңіледі. Ол өзінің ғылымдағы ізашары, грек ойшылы Аристотельдің «Поэзия өнері» еңбегінде айтылған ой-толғамдарды түсіндіре отырып, өзінше тұжырымдайды. Поэзиялық туынды жасаудағы ең негізгі құрал – тіл және оның алуан түрлі түзілімі екендігін айта келіп, сөз бен оның құрамына назар аудару жайын ескертеді: *«... Сөз тіркесі мағынаны не білдіруі, не білдірмеуі мүмкін. Айтылым жай және күрделі болады. Күрделі айтылым пікір болуы немесе пікір болмауы да мүмкін. Пікірлердің кейбіреулері кесімді болады, ал екіншілері үзілді-кесілді болмайды; кесімді пікірлердің кейбіреулері ақиқатты, екіншілері жалған болады. Жалған пікірдің кейбіреуі қарастырып отырған, пікір орнына жүретін, зат тыңдаушысын ойға түсіреді, ал ол кезде басқалары олардың ойына заттың еліктеуін түсіреді; дәл сол соңғысы поэтикалық пікір болып табылады»* дейді. Яғни, Отырардан шыққан ойшыл "поэтикалық пікір дегеніміз – өлең құрап, жыр жазудың кілті" деген ой түйіндейді. Сол арқылы ғалым әдеби туындыларды туындатуға қатысты жанрлық және кәсіби шарттылықтар мен өлшемдердің музыкалық, тіпті бейнелеу өнері шығармаларын жазу ісіне де қатысы барын аңғартады. Кез келген өнер туындысын жаратушы өзінің төл шығармасын «табиғи жолмен» және «мәжбүрлікпен» жасайтынын атап өтіп, *«Ең керемет (поэзия), ол – «табиғи жолмен» жасалынатын поэзия»* дейді әл-Фараби. Сөз орайы келгенде, осы тұжырымның тек поэзияға ғана емес, сондай-ақ музыка, бейнелеу және сәулет өнерінің туындыларына да тікелей қатысы барын қаперге алуға тиіспіз. Қай өнер саласында да туындының тартымды шығып, тағылымды мәнге ие болуы шығармашыл жанның рухани ахуалына, көңіл ауаны мен сезім иірімдеріне байланысты екені қазіргі заманда баршаға белгілі жәйт...

Жалпы, әл-Фараби сан түрлі өнер салаларын бөле-жармай, бір-бірімен шендестіре талдамай, тұтас күйінде саралайды. Өнер туындыларын жасаушы тұлғалардың жан дүниесінде өзара ұқсастық барын, айырмашылығы – олардың өмір көріністері мен құбылыстарын өзіндік тәсілдер мен пішімдер арқылы беретіндігін айтады: *«...олардың өнер материалдары бір-бірінен*





айырмашылықтары болғанымен, пішімі, шығармашылық тәсілі мен мақсаты жағынан бірдей немесе ең болмағанда ұқсас болып келеді деуге болады. Поэзия өнері пікірге негізделеді, бейнелеу (сұңғат) өнері бояуға сүйеніп жасалады, олардың айырмашылығы, міне, осында» дейді. Ғалымның пікірі бойынша, іс жүзінде екеуі де ұқсас өнер туындысын жасайды, елестету мен сезім арқылы еліктейтін адамды көрсетуге талпынады...

Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің өнер әлемі алыстан көзге шалынып, айдыны жарқырап жатқанымен, түбіне бойлатпастай тұңғиық, тылсымы қатпар бір ұшан теңіз, ұланасыр мұхит тәрізді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында әртүрлі ғылым салаларын індете зерттеп, іздене сараптау арқылы 200-ге тарта трактат жазған "екінші ұстаздың" рухани мұрасы, әсіресе, өнер мен санат тақырыбына арналған шығармалары әлі күнге шейін толық зерттелген жоқ. Болашақта соларды мұқият саралап, ізерлей ой елегінен өткізіп, өскелең ұрпақтың қадесіне жарату тек ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар барша қазақстандық зиялы қауымның абыройлы борышы, маңызды міндетіне айналарына сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гомбрих Эрнест, Өнер тарихы, Астана қ. "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2019.
2. Қазақ әдебиеті, энцикл. анықтамалық. Алматы қ. «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
3. Машани Ақжан «Әл-Фараби және Абай». Алматы қ. «Қайнар» баспасы, 2005
4. Отырар энциклопедия. Алматы қ. «Арыс» баспасы, 2005.
5. Старр С. Фредерик «Ұмытылған ұылық». Астана қ. "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2019.
6. Хайруллаев М.М. «Мировоззрение Фараби и его значение в истории философии» Ташкент , 1967



ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ.

Қойманова Аяғоз Оразалиевна

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы

КМҚК «Балдырған» бөбекжайының тәрбиешісі педагог-модератор

Мектеп жасына дейінгі баланың миы мобильді және икемді, жаңа білімге ашық. Сондықтан пайдалы әдеттер, спортпен, музыкамен, театр және өнер өнерімен айналысуға деген ұмтылыс мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Баланың талдауы мен ойлауы үшін оған үнемі жаңа міндеттер қою керек, сонымен қатар алған дағдыларын жаңғыртып, қиындату керек.

Баланың ойлауына қатты әсер ететін бірнеше факторларды ажыратуға болады:

Байланыс шеңбері. Бала неғұрлым үлкен болса, соғұрлым оның айналасында балалар мен ересектер болуы керек. Бұған балабақшалар, үйірмелер мен секциялар көмектеседі. Бала ересектердің де, балалардың да мінез-құлқының әртүрлі үлгілерін байқауы керек.

Сөйлеуді дамыту. Бала сөйлем құруды, өз ойын білдіруді үйренеді.

Аналитикалық дүниетанымды қалыптастыру. Мектепке дейінгі балалар пішіндерге, түске, мөлшерге, кеңістіктік орналасуға және уақыт шеңберіне назар аударуымен сипатталады.

Дағдылар мен дағдыларды игеру. Бала қайталауды, буындарды оқуды, ән айтуды үйренеді.

Жеке қасиеттердің қалыптасуы. Мінез, бейімделу, бастамашылық, ұйымшылдық – мұның бәрі тәрбие іс-шараларының нәтижесінде қалыптасады.

Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру. Дамыған бала өзін бағалай алады.



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Өзін-зі бақылаудың пайда болуы. Бала өзінің мінез құлқы мен іс әрекетін басқаруды үйренеді көрнекі-тиімді; көрнекі-бейнелі; ауызша-логикалық. Көрнекі және тиімді ойлау 1-3 жаста қалыптасады. Өз әрекеттерінің нәтижесінде бала өзін-өзі түсінбестен "болашаққа" қорытынды жасағанда. Мұның дәлелі - қосалқы бөлшектерге бөлшектелген ойыншықтар, пернетақталар, ата-аналық гаджеттер. Бұл әрекеттердің мақсаты - "ішінде не бар?».

3-7 жаста визуалды-бейнелі ойлау қалыптасады. Дәл осы кезеңде талдаудың алғашқы белгілері пайда болады. Мысалы, белгілі бір дағдыларға ие бола отырып, бала қазірдің өзінде айта алады қандай ойыншық оны дүкен терезесінде көргенде жанасады. Көптеген адамдар жағдайды болжай алады.

6 жасқа жақын ауызша-логикалық ойлаудың алғашқы бейімділіктері пайда болады. Бұл кезеңде бала ақпаратты талдағаннан кейін егжей-тегжейлі жауаптар бере бастайды, оқиғалардың ретін дұрыс ретпен құра алады, кез-келген тақырыпты сипаттай алады.

Сөйлеу баланың ойлау қабілетін дамытуға өте маңызды.

Баланың ойлауының қалай дамитынын бақылай отырып, бүкіл ойлау процесін кезеңге бөлуге болады: салыстыру; талдау; синтез; жалпылау.

Салыстыру сатысында бала бірдей, әртүрлі, бірдей нәрсені табуды үйренеді. Осы кезеңде "айырмашылықтарды табыңыз" суреттерін беру, мемориалды ойнау орынды (6 жұп суреттен бастаңыз, санын біртіндеп көбейтіңіз).

Талдау кезеңінде белгілер, қасиеттер, қасиеттер, қолданылатын материалдар мен заттар бөлінеді. Өз қиялында бала кез-келген өнімді құрамдас бөліктерге бөле алады.

Бала қандай болып өседі, қандай сипатқа ие болады, оның ойлауы қаншалықты жақсы дамиды – мұның бәрі балалық шақта қалыптасады.



Синтез кезеңі талдау кезеңімен тығыз байланысты. Талдаусыз синтездеу жұмыс істемейді. Бұған мысал оқу. Әріптерді жаттамай, олардың буындарға қалай қосылатынын түсінбей, бала оқи алмайды.

Жалпылаудың айқын белгілері-заттардың жалпы белгілерін бөліп көрсету, топтарға біріктіру. Балада біртұтас сөйлеу пайда болғаннан кейін көптеген жалпылама ұғымдарды қолдану – біліңіз, жалпылау кезеңі басталды.

Мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын қалай дамытуға болады. Мектеп жасына дейінгі балаларда ойлауды дамытудың негізгі бағыты — көрнекі - әсерліден көрнекі- бейнелі және кезеңнің соңында — ауызша ойлауға кәшу. Мектеп жасына дейінгі бала бейнелі түрде ойлайды, ол ересектерге тән ойлау логикасын әлі қолданбайды. Олардың логикасы өте ерекше, балалық, бірақ соған қарамастан, мектеп жасына дейінгі балалар дұрыс ойлана алады және өте күрделі мәселелерді шеше алады, егер тапсырманың өзін есте сақтауға уақыты болса, олар тапсырманың жағдайын түсініп, елестете алады.

Мектепке дейінгі балалық шақта ойлау қабілеті мынаны білдіреді:

- ✓ Заттың маңызды белгілерін бөліп көрсету;
- ✓ тақырып туралы тұтас идеяға әртүрлі белгілердің синтезі;
- ✓ әр түрлі заттарды салыстыру және олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау;
- ✓ өмірлік жағдайлардың мазмұнын түсіну, кейбір объектілерді басқалармен алмастыра отырып, оларды еліктеу және жоғалту;
- ✓ бір затты басқа затпен қандай да бір белгі бойынша ауыстыруға болатын ауыстыру.

Үш-төрт жас-мектепке дейінгі кезеңнен мектепке дейінгі балалық шаққа өтпелі кезең. Бала жалпылауды, жұмбақтарды шешуді, артық ұғымдарды алып тастауды және неге (аю, түлкі, қасқыр және Қарға) сандармен танысуды үйренеді. Ата-аналар мен тәрбиешілер балаға көмектеседі және ойындар арқылы оның ойлау, ойлау, қорытынды жасау қабілеттерін дамытады.



Мектепке дейінгі кезеңде баланың белсенділігінің жаңа түрі — ақыл-ой белсенділігі пайда болады. 4-5 жастағы балада ақыл-ой белсенділігі физикалық әрекетке міндетті түрде сүйенуден босатылады.

Бала өсіп келеді және күн сайын оған әлемнің жаңа және жаңа қырларын ашады. Бес жасар балалар айналасындағылардың бәрін білуде белсенді бола бастайды.

Бес жасар бала жалпылаудың жоғары деңгейімен, өз қызметін жоспарлау қабілетімен сипатталады. Бала ақыл-ой әрекетін таза түрде жасай алады: ол кәргендері мен естігендерін ойластырады, жұмбақтар шешеді, суреттерге әңгімелер жасайды, сұрайды, дауласады. Сөйлеуді дамыту, тыңдау, әңгімелеу, сөзжұмбақ мектеп жасына дейінгі баланың ерекше іс-әрекетіне айналады.

Практикалық тәжірибе, балалардың дамып келе жатқан ойлауы мен қиялы және олардың өз мүмкіндіктерін білуі жаңа тілектерді тудырады, ойындар мен суреттерде бастама пайда болады. Күту қабілеті дамиды.

Бес - алты жасында бала бейнелі ойлауды дамыта береді, ол мәселені тек визуалды түрде ғана емес, сонымен бірге ақыл-ойда да шеше алады. Жалпылау қабілеті жақсарады.

Алты - жеті жастағы балаларда ауызша-логикалық ойлау қалыптаса бастайды (ол тек жасөспірім кезінде ғана қалыптасады), бұл сөзбен жұмыс істеу, ойлау логикасын түсіну қабілетін білдіреді. Мектеп жасына дейінгі баланың аяғында жалпылау, байланыс орнату үрдісі пайда болады, бұл интеллектті одан әрі дамыту үшін өте маңызды.

Пиаженің пікірінше, мектеп жасына дейінгі баланың басты ерекшелігі — бір ғана, ең жарқын белгі немесе мүлікті фокустау мүмкіндігі. Мектеп жасына дейінгі бала әлі субъективті және объективті ажырата алмайды, ол әлемді тек өз позициясынан көреді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойындар шығармашылық ойлауды, қиялды, заттарды салыстыруды дамытуға бағытталуы керек.



ТАНЫМДЫҚ DAҒДЫЛАР APҚЫЛЫ MEKTEП ЖACЫHA DEЙІHГІ БАЛАЛАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Сатжанова Салтанат Бахытовна

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы

КМҚК «Балдырған» бөбекжайының тәрбиешісі
педагог-модератор

Қазіргі кезеңде адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу мәселелері ең өзекті болып табылады. Әлеуметтік-техникалық прогресс әлеуметтік-экологиялық сипаттағы көптеген жағымсыз салдарлармен адамның табиғатқа өзгертін әсерімен бірге жүреді. Біздің елімізде, бүкіл әлем сияқты, экологиялық білімге көп көңіл бөлінеді. Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының мазмұнын анықтайды, ол әр түрлі іс-шараларда балалардың жеке басының, мотивациясының және қабілеттерінің дамуын қамтамасыз етуі керек және балалардың дамуы мен білім беруінің белгілі бір бағыттарын (білім беру салаларын) білдіретін келесі құрылымдық бірліктерді қамтуы керек: әлеуметтік-коммуникативті даму; танымдық даму; сөйлеуді дамыту; көркемдік-эстетикалық даму; физикалық даму.

Танымдық даму балалардың қызығушылықтарын, қызығушылығы мен танымдық мотивациясын дамытуды қамтиды; танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыру, сананың қалыптасуы; қиял мен шығармашылық белсенділікті дамыту; Жер планетасы адамдардың ортақ үйі, оның табиғатының ерекшеліктері туралы айту.

Мектепке дейінгі білім беруді аяқтау кезеңіндегі мақсатты бағдарлар:

- бала қызығушылық танытады,
- ересектер мен құрдастарына сұрақтар қояды,
- себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады,
- табиғат құбылыстарына өз бетінше түсініктеме беруге тырысады;



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

- байқауға, тәжірибе жасауға бейім. Ол өмір сүретін табиғи әлем туралы алғашқы білімге ие және т. б.

Балалардың табиғатты білуі ерте жастан басталады. Бұл жануарлар әлемінің, өсімдіктердің, жансыз табиғаттың алуан түрлі, жарқын объектілері мен құбылыстарын қуанышты әсерге толы қабылдау, олармен практикалық эксперимент. Ересек баланың назарын жарқын гүлге, ұшатын көбелекке, әдемі тастарға, үлгілдік қар үлпектеріне аударады. Балаға табиғатты белсенді білуге көмектесу (иіскеу, түрту, тыңдау, құю, құю, ұсақтау) оған кейде қолданатындардың орнына Табиғатта экологиялық тұрғыдан тиімді әрекеттерді байқамай ұсынуы керек. Егер нәресте бұтақты шәпке ұрса, онда сіз оның қалай сыбырлағанын тыңдауды ұсына аласыз, содан кейін асфальтты, тастарды соғудың қаншалықты керемет екеніне, құммен жүрудің қызықты екеніне көз жеткізе аласыз.

Біздің кішкентай тәрбиеленушілеріміздің табиғат әлеміне кіруіне қолдау көрсету, танысу, таныстыру, онымен бірігу кезінде баланың сенсорлық танымына, сенсомоторикасына, оның көрнекі және тиімді ойлауына, эмоционалды саланың ерекшеліктеріне, табиғатпен жағымды тәжірибе жинақтауға ықпал ету, қызығушылықтың пайда болуы, осы процестен қуаныш.

Экологиялық тәрбие арқылы балалардың танымдық белсенділігін дамыту бойынша жұмыс балалардың мүдделері мен қажеттіліктерін, ата-аналардың тілектерін ескере отырып құрылады; жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып; мемлекеттік талаптарға сәйкес мектепке дейінгі білім берудің барлық білім беру салаларын интеграциялау принципін ескере отырып, ересек пен баланың бірлескен іс-әрекеті, сондай-ақ балалардың тәуелсіз іс-әрекеті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Жетекші педагогикалық идея

Менің жұмысымның жетекші идеясының негізінде экологиялық тәрбие арқылы балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру жатыр. Бұл



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

балалардың танымдық қабілеттерін қызықты, ойын түрінде жүзеге асыруға, сөздікті байытуға, коммуникативті дағдыларды, қызығушылық пен белсенділікті дамытуға мүмкіндік беретін экология бойынша білім беру қызметіне әр түрлі әрекеттерді енгізу және барлық анализаторларды (визуалды, есту, иіс сезу, тактильді) енгізу.

Бірқатар ғылыми басылымдарда мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі Тәуелсіздіктің, бастаманың, шығармашылықтың көрінісі ретінде қарастырылады.

Менің ойымша, кез-келген интеллектуалды белсенділік қабілеттердің дамуына әкелмейді, тек айқын жағымды эмоциялармен байланысты. Басқаша айтқанда, танымдық белсенділікті тәрбиелеу қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылықпен байланысты.

Бұл идеяны жүзеге асыру экологиялық білім берудің белгілі бір жүйесін құруды талап етті.

Тақырып бойынша жұмыстың негізгі шарттарының бірі - Даму ортасын құру, көрнекі материалдарды қолдану: картиналар, муляждар, нақты заттар, ойыншықтар, карталар, театр кейіпкерлері, музыка, логоритмикалық жаттығулар, Мнемотехника және т.б., өйткені балалардың танымдық іс-әрекетінің мазмұнының негізі сенсорлық таным болып табылады. Бұл балаға объектілер, құбылыстар, олардың әртүрлі сыртқы қасиеттері туралы дұрыс ақпарат беретін, олардың бейнелерін жасайтын дұрыс ұйымдастырылған қабылдау. Баланың қоршаған ортаны тануындағы дерексіз және нақты, ұтымды және сезімтал байланыстардың пайда болуына ықпал етеді.

Мен балалардың визуалды тәжірибесін байытуға көп көңіл бөлемін, өйткені мектеп жасына дейінгі баланың суреттері өте тұрақсыз және оңай өзгереді. Материалды игеру неғұрлым терең және толық болса, бала неғұрлым эмоционалды болса, оның тәжірибесі соғұрлым қуанышты болады. **Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің негізгі міндеттерін бөліп көрсетуге болады:**

✓ Адам өмірінің ортасы ретінде табиғи және әлеуметтік орта туралы тұтас идеяны қалыптастыру.



- ✓ Экологиялық сана мен ойлауды, табиғатты моральдық - этикалық қабылдауды қалыптастыру.
- ✓ Барлық қызмет түрлерін интеграциялау арқылы тәрбие-білім беру жұмысын жетілдіру.
- ✓ Балалардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын үздіксіз тәрбиелеу және салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру.
- ✓ Экологиялық білімді насихаттау, ата-аналарды отбасындағы балаларды экологиялық тәрбиелеу мәселелеріне баулу.

Табиғатпен қарым-қатынастағы жетістіктер келесідей тұжырымдалған: "бала қызығушылық танытады, ересектер мен құрдастарына сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, табиғат құбылыстарына өз бетінше түсініктеме беруге тырысады... байқауға, тәжірибе жасауға бейім. Ол өзі, табиғи және әлеуметтік әлем туралы алғашқы білімге ие... Оның жабайы табиғат, жаратылыстану салаларынан қарапайым идеялары бар". Осы тұжырымдарға сәйкес экологиялық білім беру жүйесі қолданылады.

Табиғатпен дұрыс қарым-қатынас жасау, онымен саналы түрде қарым-қатынас жасау, табиғи тепе-теңдікті бұзбау үшін адамдар осы қарапайым заңдарды білуі керек. Экология негіздерін қарапайым білу кез-келген адамның экологиялық мәдениетінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл білімді қалыптастыруды мектепке дейінгі балалық шақта балаға жақын табиғи ортаның нақты мысалдарынан бастау оңайырақ екендігі дәлелденді.

Осылайша, "танымдық даму дағдылары" білім беру саласы арқылы балалар жаратылыстану саласынан қарапайым, бірақ өте мұқият білім алады, бұл балабақша мен отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың өмір сүру кеңістігінің бөлігі болып табылатын табиғат объектілеріне саналы көзқарастың негізіне айналады.



БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ



Бекбаева Аймереке Еркінбекқызы
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы.
“ZIYATKER school ЖШС”
Бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да, білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог





қалыптастыра алады. Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған тақта секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыру оқушыны іс әрекетті атқарушы объектіден нәтижесінде жеке тұлғаның өз ісін өзі басқаруға, орындауға қабілетті субъектіге көшіру арқылы мүмкін болады.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту саналы деңгейге көтеру – бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттерді жүктеп, жаңашыл іс-әрекетке жетелейді.

Инновациялық тұрғыдан білім беру жүйесі ақпараттандырумен тығыз байланысты. Білім беруді ақпараттандыру дамуының жаңа кезеңінің ерекшелігі – бұл проблеманың инструментальдық емес, мазмұндық аспектілерінің басымдылығында және олардың шешілуінен білім сапалығы, оның әлеуметтік мәнділігінің орны анықталады. Психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, ойлау стилі бастауыш сыныптан-ақ оқушыларда жете қалыптаса бастайды. Оқушылардың бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологияларды адамзат іс-әрекетінің түрлі салаларында қолдана білудің қажетті дағдыларын игеріп үлгеруіне мүмкіндік туады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі таңда алдымызға қойып отырған басты мақсат –





оқушыларға тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, талантты жастарды тәрбиелей отыра, еліміздің мүддесіне қызмет етуге бағыт-бағдар беру. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40 - астам түрлері бар.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Жаңа технологиялар арасынан ақпараттық технологиясына назар аударсақ, оқытудың ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті, психологиялық, тұлғалық, әлеуметтік және физиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алу керек. Ақпараттық технологияны қолдану барысында ескере өтетін ерекшеліктер:

Оқу іс-әрекетіндегі ерекшелік – ақпараттық технология арқылы білім беру үрдісін ұйымдастыру бастауыш сынып оқушыларының оқу материаларын жеңіл меңгеруін, компьютерде жұмыс істеу дағдыларымен қарулануын жүзеге асырады.

Психологиялық ерекшелік – ақпараттық технологияны мектепте қолдану бастауыш сынып оқушыларының білуге, оқуға құштарлығы, танымдық



қызығушылығы, қиялы, логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттерінің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Тұлғалық ерекшелік – бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның өзіндік оқу-танымдық әрекетін дамытуға бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларының өз мүмкіндігін көрсете білуі үшін ақпаратты өзіндік іздеу, жоспарлау, бөлшектеу, біріктіру, суреттеу, жалғастыру және тиімді пайдалану, өз іс-әрекетінің дұрыстығын тексеріп бақылау икемділігін бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі.

Ақпараттық технологияны бастауыш сыныпта қолдану барысында оқушылардың оқу икемділігі дамиды. Шығармашылық оқу икемділігі, өзіндік жұмыс жасауды жоспарлау, бақылау, бағалау икемділіктері дамып, өзіндік ойлау икемділігі өрбіп, компьютер арқылы оқу материалдарын, оқыту және бақылау бағдарламаларын іске қосу, орындау дағдылары қалыптасып, компьютерлік стандартты бағдарламалармен, электрондық оқу басылымымен жұмыс жасау икемділіктері жетіле түседі.

Ақпараттық технологияны қолдануға негізделген қазіргі білімнің парадигмасы өз бетімен дамып, өз-өзін тежей алатын шығармашыл, жан-жақты біліммен, мәнді қызығушылықпен және дәстүрлі емес жағдаяттарда жауапты шешім қабылдай алатын үздіксіз дамыған ақпараттық қоғамда өз орнын таба білетін жеке тұлға түріндегі нәтижеге бағдарланғандығында. Сол себепті құзыреттілікке бағдарланған оқу үрдісін бастауыш сыныптан бастап қолдану өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», - деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. Ендеше, тәуелсіз еліміздің тұғырын биік ұстар қыз-ұлдарымыздың бойына дұрыс тәрбие сіңіре білейік.



ТУҒЫРЫ БИІК – ЕЛ

Тукушев Амирхан

Шымкент қаласы

№89 IT мектеп – лицейінің көркем еңбек пән мұғалімі

Жүз — дегеніміз орысша аудармасы лик, адамның бет жүзі дегенді білдіреді. Ал, Ұлы деген сөз

болса Великий болады. Осыдан шығатын қорытынды: Ұлы жүз (Түркі тілінде; buyukluk – басқарудың

шарықтау шегі, өлшемі. Яғный, Хандық дәуірінің бейнесі) - Великий лик, Орда жүз (орта сөзі Түркі тектес

тілге сай орда мағынасына ұқсас. Мағынасы: Ескі замандағы – қаланың іші бекінісі. Және бір термині –

Бекем, тірегі биік мағынаны құрайды.) - Цитадель, Күші жүз (Кіші сөзін алдыңғылармен байланыстырар

болсақ кіші, күші сөзіне өзгереді. Бұл – Айбарлы бет бейне. Рухы мықты жан дегенге келеді) - Сильный лик.

Міне осы салыстырмалы терминдерден айрықша мәнге ие сөз тіркесі шығады:

ҰЛЫ ОРДА КҮШІ

Қажетін алдым өзіме,

Керегін таптым өзіңнен.

Алыстан іздеп таппайақ,

Халқымнан алдым даналық!

Ұлтымнан таптым даралық!

Аман болшы халайық!

Қазақ халқын өзге ұлттардан ерекше, айрықша етіп көрсететін ұғым, дәстүрдің даралығы мен

Генетикалық тыйым заңы. Яғни туысқандық пен тарихымыздан тысқары мүшелер арасындағы некеге қатаң

тиым салудың, қанның бұзылуына (инцест) жол бермеу. Бұл дәстүрді ата-бабаларымыз бағзы заманнан бергі

ұстанып келе жатқан салтты. Ертеден-ақ қолға алынып санамызға сіңген болмыс.

«Жылқы мінезді» деп теңейтін, бүткүл өмірлері ат үстінде өткерген бабаларымыздың, Алланың



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



өмірімен, Тәңрінің жарлығымен болатұғын ғибратқа толы жылқылардың өмірімен тамаша ұштастыра

білгенғой, – шіркін!

Біле – білсек жылқы жаны таза, адалдық пен арлылықтың символы емеспе. «Тай, ересек құнаннан

дөнен болғасын, «жақындарына» мекіренер жасқа жеткенде, үйір басы – кексе айғыр оны талап, теуіптістелеп үйірден қуады. Солай ол басқа үйір іздеуге мәжбүр болады екен.»

Қашанда ой саларлық сөз айтылған,

Бабымен ебін тауып жөн айтылған.

Қазақты бір қамшылап шымшыламай,

Додадан қалмаса екен де айтылған.

Әрбір сөздің жүйесі бар,

Жүйелі сөздің киесі бар.

Мынау, мән беріп көз жүгірткен адамға өте маңызды ақпарат болар – ау!

Заманның зардабынан бекен, Жылдардың жалған жазмышынан бекен? Онысын білсе, бір Құдай

білер! Кертартар – кер заман кезінде "Разделяй и властвуй" — деген қисыны жоқ қағидаға сүйеніп "қазақ үш

жүзге бөлінеді" — деп жазған, отарлаушы саясаткерлердің шимай қағаздарды кезіндегі сауаты жоқ қазақ

жастарының түйсігінде солай кетті емес пе?!

Мұнысы мейлі, ұлт пен ұлты ажырата алмай "Қазақ" деген ұлтымызды "қырғыз" деп,

шатастырғандарына не айтарсың..?

«Шатастырып айтқан» деуге де келмес?! Әйтседе, мұнан басқа тіркесте мұнымен ұйқаспайды ғой!

Ия, Демінді ішіңе жұтып, өз ойыңның зілмендей қоқысының астында қаласың!

Мынаған не болды күрсініп деп жатқан боларсыз? Асықпаңыз!

Былай, толғанып тебіренуімнің басты себебі – атқарылар ісімізден де маңызды желкемізге жүк

болған, келе жатқан жас буынның ақысы тұр!

Жас – жеткіншектерге ендігі беретін біліміміз бағалы, іліміміз ізгі болмағы ләзім!

Кінәнің кімнен екендігін іздудің еш мәнісі жоқ деп ойлаймын. Өткеннен қалған қоқыстың арасынан





шындықтың жарқете шығуы

Өткенге өкпелеп жүргенде, Өскелең ұрпақтың ұлттық болмысының
құлдырауына себепкер болып

Қалмайық

Барымызды бағалап, жоғымызды түгендейтін заманның келіп жеткендігіне де
міне 30 жылдың аясы

болыпты. Деседе, кеудемізді керіп, қуану әлі алда!

Ия, әрдәуірдің өзіне тиесілі жетістіктерімен қоса алынбаған асуларының
болатындығы тарихи

шындық. Бүгінгі таңдағы жетістігіміз қайсы? Ала – алмай, бағындыра алмай
жүрген асу – асу белесіміз

қайсы?

Мұнымен менің айтқым келгені, кейінгі ұрпақ біле бермейтін төл тарихымыздың
астарына үңілсе

екен деймін. Әрине, ойсезімдерді пайыммен түсініп, іздеп, оқып білмесе, кім
нені үйреніп білмек. Бұл

алғырттыққа кінәлі келешек ұрпақ па? Жоқ әрине!

Ал, ендеше үлгер меген жас буын, көрмеген толқын «қанықсын»,
«ғибраттансын», «білсін» деген

оймен азын аулақ сыр шертіп сөз бастауымның мәнісі осында.

– Мүмкін мен, айтарлықтай сізге ақпарат бере алмаған болармын. Сұрағы көп,
маңызы аз болған

болар?

– Ұсынылған бұл ой тұжырымның захирына (сыртына) емес Батинасына (ішіне)
мән беріңіз. Жазылған

жайдың емес жазылмаған ойдың астарына қарайлап, тұжырым жасап өтіңіз. Мен
жайғана сіздің ой

елегіңізді – түрттім!



ПРИКЛЮЧЕНИЯ С БАБОЙ ЯГОЙ И РАЗБОЙНИКОМ

ТОО «Ясли - сад «Болашақ –Кун»

Сценарий утренника

Тема: «Приключения с бабой Ягой и разбойником»

Предшкольная группа «Солнышко»

Муз. работник и хореограф: Жакинбаева Д.

Воспитатель: Гареева Д.Х.

Цель и задачи: создать у детей радостное настроение. Формировать самостоятельность, доброжелательность, коммуникабельность. Закреплять вокально-хоровые навыки в процессе группового пения. Развивать творческое воображение, память, внимание, речь. Закреплять и расширять знания детей о приметах зимы, о празднике Нового года, через рассказывание стихотворений, пение песен. Совершенствовать музыкально-ритмические навыки детей через танцы, упражнения, игры. Воспитывать любовь к природе, трудолюбие.

Герои: ведущая (Фарангиз), Феи (Раяна и Эъзоза), разбойник (Расул), Дед Мороз, Снегурочка (Абдулазизова Марям).

Оборудование: пианино, ноутбук, колонка, **шляпки**, снежки, мандарины, 2 детские куртки, 2 шапки, 2 шарфа, 2 пары перчаток, 2 пары сапог, свечи, слова и музыка З.Александрова, М.Красев «Маленькой елочке», слова и песня В.Лебедева «Я елка современная».

Перед началом утренника звучит метель. В зале полумрак, ёлка не горит. В зал залетают две феи, разлетаясь в разные стороны.

Раяна: Ау!

Эъзоза: Ау!

Раяна: Ты здесь?



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



Эъзоа: Я здесь.

Подлетают друг к другу. Оглядываются по сторонам.

Раяна: Ах, куда же мы попали? *(осматривается)*

Мы в большом просторном зале...

Эъзоа: Значит это детский сад,

Только нет здесь ребят!

Раяна: Всё готово, что ж мы ждём?

Мы сюда их позовём.

Скажем мы, что Дед Мороз,

Елку в детский сад принес!

Эъзоа: Все скорей сюда бегите

Собирайтесь в этот зал.

Если видеть вы хотите

Новогодний карнавал!

Раяна и Эъзоа:

Громче музыка играй,

Елочка, гостей встречай!

Звучит веселая музыка. Дети заходят в зал, танцуют и становятся полукругом.

Фарангиз: Как красиво в нашем зале —

Словно в сказку мы попали.

Все сверкает и поет,

Здравствуй праздник —

Дети: Новый год!

Салават:

Посмотрите, посмотрите,

Что за дерево стоит —



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы



На нем бусы и хлопушки,
Огонек вверх горит.

Ахматбеков Мухаммад:

Это елка-елочка,
Зеленая иголочка,
Елочка пушистая!
Елочка душистая!

Ашуркулов Мухаммад:

Хочешь ли ты, елочка,
Для тебя мы спляшем?
С нами ты покружишься
В хороводе нашем!

Акбар:

Знаешь ли ты, елочка,
Кто наш гость сегодня?
Дед Мороз придет к нам
На праздник новогодний!

Хадиджа:

За окном ложится снег,
Снег пушистый, новогодний.
С новым годом, всех, всех, всех
Поздравляем мы сегодня!

Расул:

С Новым годом! С Новым годом!
С новой радостью для всех!
Пусть звенят под этим сводом
Песни, музыка и смех!

Яхе:

Пусть на всей, на всей планете
Новый год встречают дети-



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Радостно и весело,
С плясками и песнями!

Камрон:

Все для праздника готово,
Плясок, шуток очень много,
Громче музыка звени,
В эти праздничные дни!

Салават:

Пусть исполнятся желанья,
И удача к нам придет!

Все вместе: здравствуй, праздник долгожданный!
Здравствуй, здравствуй, Новый год!

Фарангиз: исполняется песня «Ёлка, шарики, хлопушка!»

Фарангиз: Наша ёлка всем на диво, и стройна, и высока
Сядем тихо и посмотрим на неё издалека.
Дети садятся на места.

Марям:

Какие сюрпризы сегодня нас ждут?
Быть может, из сказок герои придут?
Что будет у нас, никому не известно,
Но все интересно, ах, как интересно!

Фарангиз: Дед Мороз все не идет
А ведь скоро Новый год!
А где же Дед Мороз сейчас? Не забыл ли он про нас?
Ребята, а все ли вы знаете про Деда Мороза?

Словесная игра ПОЗОВЕМ ДЕДА МОРОЗА!

Ведущая говорит фразу, а дети хором отвечают "Да!" или "Нет!"
Дед Мороз известен всем, верно?



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Он приходит ровно в семь, верно?
Дед Мороз старик хороший, верно?
Носит шляпку и калоши, верно?
Скоро Дед Мороз придет, верно?
Он подарки принесет, верно?

Фарангиз: Что ж ответы даны на вопросы,
Знаете все вы про Деда Мороза
А это значит, настала пора,
Ждет которую вся детвора.
А теперь давайте вместе позовем Деда Мороза!

Дети: Дедушка Мороз! Дедушка Мороз! Дедушка Мороз!

Звучит фонограмма песни «Новый год»
Входит Дедушка Мороз с наушниками, разговаривает по сотовому телефону, современно двигается.

Фарангиз: Дедушка Мороз! Ты ли это?

Дед Мороз: Я! Я! Иду в ногу со временем! Вращаюсь в различных кругах, тусуюсь! Живу современно, легко и прикольно! *(Глядя на елочку):* Вау! Какой блеск!

Фарангиз: Дедушка Мороз! Ты знаешь, куда ты пришел?

Дед Мороз: На тусовку!

Фарангиз: На какую еще тусовку, что это за слова такие? Это же детский сад! И дети у нас воспитанные! Ты чему их учишь!

Дед Мороз: Детский сад!!!! Да что ж это я, старый удумал!? Простите, дети, простите меня старика! *(снимает наушники)*

Дед Мороз: С новым годом! С новым Годом! Поздравляю всех детей и конечно всех гостей!



+7 776 456 456 46



konkurs@atamura.info



ҚР, Астана қаласы

Фарангиз: Дедушка Мороз, а что с тобой случилось и почему с тобой нет Снегурочки?

Дед Мороз: Погодите дайте вспомнить (*чесет бороду, думает ходит*)! Сегодня мы были на елке в школе Снегурочка была со мной, на елке в другом саду тоже была. А потом нас пригласили на сеанс психологической погрузки, то есть разгрузки, или... одним словом, энергетически подпитала и нас, и все что у меня в мешке...А потом ...потом я Снегурочку не видел!

Фарангиз: Экстрасенс? На детской елке? Очень странно...

Дед Мороз: Погодите, погодите! Припоминать начинаю... Что-то уж больно похож был экстрасенс на мою старинную знакомую- Худая, как топ- модель, нос крючком, а глаза так и бегают, так и шныряют! Точно, Баба Яга! То-то, смотрю что-то знакомое в облике! Ну, Бабка Ежка, опять праздник испортить захотела!

Что же делать? Как мне быть? Пойду Снегурочку искать. Пойду, а мой посох мне в пути поможет! Он укажет мне дорогу!

(Уходит в поисках Снегурочки)

(Выбегают Разбойник и Баба яга, садятся по-турецки и начинают играть в карточки)

Баба-Яга: Кто сейчас из нас проиграет, тот Снегурку охраняет! Кто же выиграет из нас, тот пойдет Снегуркой в детский сад!

Баба –Яга: Огоньки мы потушили, праздника все равно не будет.

Разбойник: опять ты выиграла, Яга. Стало быть, тебе в Снегурку переодеваться, а мне с ней тут оставаться!

Разбойник проигрывает и остается охранять, вместе убегают из зала и переодевают

Бабу-Ягу в Снегурочку.



Фарангиз: Ребята, что же нам делать? Снегурочку похитили Леший и Баба Яга, да еще и огоньки заколдовали. Надо догнать Деда Мороза и все ему рассказать. Но как это лучше сделать? (думает). Придумала! Я письмо напишу и в вдогонку за Дедом Морозом отправлю фей. Давайте их позовем – Феиини!

Пулатова София: Я Фея веселых улыбок и смеха
Где я появляюсь, там будет потеха.
Все вокруг заискрится, зальется
И каждый на празднике мне улыбнется!

Эргешбекова София: Я Фея гирлянд и огней новогодних
Мне звезды сияют на ёлке сегодня.
Палочкой только взмахну я своей
В вальсе закружатся сотни огней.

Раяна: Прекрасен праздник ваш
Мы приглашенью очень рады
Расскажите, что от нас вам надо?

Фарангиз: здравствуйте, феи. Нам нужно Деду Морозу срочное сообщение отправить. Сможете?

Эъзоа: конечно, отнесем ему письмо. А наши огоньки нам путь-дорогу покажут.

Исполняется танец «Волшебство фей»
Феи уходят с письмом. Возвращается печальный Дед Мороз.

Дед Мороз: Письмо ваше с феями получил. Но Снегурочку не смог найти. Надо подумать, как Снегурочку найти да от бабы-Яги и разбойника ее вызволить

ИЗ-ЗА елки Баба –Яга с мешком снежков, переодетая в Снегурочку кидает Снежки в Деда Мороза.





Дед Мороз: Снегурочка, это ты? Ах, шутница, баловница, напугала Деда Мороза. *(заглядывает за ёлку, выходит Баба-яга)* Стой, не вертись, Деду Морозу покажись. Ой, это не моя внучка, это не Снегурочка!

Баба-Яга: Как не твоя? Даже очень твоя! Это у тебя что-то со зрением случилось.
Говорят, что зрению помогают очки. *(присматривается к мешочку Деда Мороза)*

